

**Отырар кітапханасы**

**Ақпараттық библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі**



**ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**

**/Ақпараттық ұсыныстық құрал /**

**Отырар 2025**

**«Қазақ тәдеби тілінің негізін қалаушы» /ақпараттық  
ұсыныстық құрал/ Отырар кітапханасы;  
құрастырған:Р.Мақтабекова. – Отырар. – 2025 жыл.**

## АЛҒЫ СӨЗ

Биыл халқымыздың біртуар ақыны – Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Абайдың бай мұрасы мен қара сөздері жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын кеңейтіп, әдебиетке деген құштарлығын арттырары сөзсіз.

Сондай-ақ, қазақ руханияты мен мәдениетінің символы болған Абай ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты, ал даналығы әлі күнге дейін әр қазақтың жүрегінен орын тауып келеді.

Ұлт мәдениеті мен әдебиетінің алтын қазынасына айналған Абай өмірі мен шығармаларын дәріптеу, насихаттау мақсатында осы ақпараттық ұсыныстық құралды оқырман назарына ұсынып отырмыз.

## Ұлы Абай жайында қызықты 15 дерек

1. 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Семей қаласынан 180 шақырым қашықтықтағы Жидебай қыстағында дүниеге келген. 59 жыл ғана ғұмыр кешкен ақын Шыңғыстауға жақын Жидебайдың маңындағы өз қыстағына таяу тұсқа жерленген.

2. Абай тобықты руынан. Әкесі – Құнанбай Өскенбайұлы өз заманының өте беделді, қоғамдық, саяси қайраткер адамы болған. Аға сұлтан дәрежесінде қызмет атқарған. Ол қажылыққа барып, Меккеде қазақ елінен қажылыққа барғандарға арнап, қонақүй салдырған. Сөйтіп, қонақүй ХХ ғасырдың ортасына дейін сақталып, кейіннен Меккедегі мешітті кеңейту үшін, сатып алынады. Қарқаралыдағы әлі күнге дейін Құнанбай салдыртқан мешіт қолданыста.

3. Ибраһим – Абайдың шын есімі. «Абай» деп әжесі еркелеткен. Анасының есімі – Ұлжан. Ұлжан – Құнанбайдың екінші әйелі.

4. Ақындық жолға ол 10 жасында түсе бастайды. Ең алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялаған. Бір деректерде Абай Көкбайдан өз өлеңін бір қараға сатып алғаны айтылады.

5. Абай көзі тірісінде 176-ға жуық өлең жазған. Ең танымалы – «Қара сөздері». 45 қара сөзден құралған бұл шығарманы ақын тоғыз жыл бойы жазған. Шығарма ең алғаш 1918 жылы, өзі өмірден өткен соң 14 жылдан кейін «Абай» журналында жарық көрді. Абай шығармалары әлемнің 60 тіліне аударылған.

6. Хәкімнің ақын, жазушылықтан бөлек, композиторлық қабілеті де болған. Ол 20-ға жуық ән шығарған. Соның бірегейі – «Көзімнің қарасы».

7. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романын 20 жылға жуық бойы жазған. Сондай-ақ бұл роман Лениндік сыйлыққа ие болып, бүкіл әлемге таралды.

8. Абай шығармашылығында бітпей қалған поэма "Әзім әңгімесі". Бұл поэманың сюжеті "Мың бір түн" оқиғасынан алынып, қарттан екі рет алданып қалған Әзім туралы таңғажайып оқиғалар туралы баяндалады.

**9.** Абайдың алғашқы махаббаты – **Тоғжан**. Бірінші жары Ділдәға 1860 жылы 15 жасында, екінші әйелі Әйгерімге 30 жасында үйленген. Абайдың бірінші әйелі Ділдә, әйгілі Қазыбек бидің шөбересі болып келеді. Әменгерлік жолмен алған әйелінің есімі – Еркежан. Ол Абайдың інісі – Оспанның қалыңдығы.

**10.** Абай 16 жасында әке атанады. Оның тұңғышы – **Ақылбай**. Он баланың әкесі атанған Абай алғашқы немересін қолына 36 жасында алады. Оның аты – Әубәкір.

Бәйбішесі Ділдәдан – Ақылбай, Әбдірахман, Күлбадан, Әкімбай, Мағауия мен Райхан, екінші әйелі Әйгерімнен - Тұрағұл, Мекайыл, Ізқайыл мен Кенже, барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. Ал Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ.

**11.** Абай болыстық қызмет атқарған. Заңды жетік білген. Ел басқару ісіне 13 жасында араласып, 21 жасында болыс болып сайланады.

**12.** Абай: «Атадан алтау, анадан төртеу едім». Құнанбай қажының 4 әйелі болған. Бәйбішесі Күңкеден – Кұдайберді. Ұлжаннан – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим, Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі Айғыздан – Халиулла, Ысмағұл туады. Төртіншісі – Нұрғаным. Одан ұрпақ жоқ.

**13.** 1885 жылы Абай бастаған комиссия үш күн, үш түн 93 баптан тұратын «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» жазып шығады. Ақынның абыройын асқақтатқан да осы «Қарамола съезі» еді.

**14.** «Қарамола съезінен» кейін Абайдың дұшпандары тіпті еліре бастайды. Бұл әрекеттері 1890 жылы асқынып барып, ақынға қастық қылмаққа ұласады. Дұшпандық әрекеттің басында Байғұлақ, Құнту атты жуандар мен 16 атқа мінір тұрған еді.

**15.** Ахмет Байтұрсынұлы ең алғашқы – Абайтанушы. Ол 1913 жылы "Қазақ" газетінде "Қазақтың бас ақыны" мақаласын Абайға арнап жариялап, «Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деген болатын.

## Абай шығармашылығы туралы

**Мен бір жұмбақ адаммын, мұны да ойла.**

**Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,**

**Мыңмен жалғыз алстым, кінә қойма...** Абай өлеңдерін әр оқыған сайын, жаңа әсер мен ойлар қаптайды даеріксіз тебіренесің, толқисың. Ақын жүрегін тербеген сезімдер, араға ғасырлар салып саған оралғандай күй кешесің.

Абай – қазақтың ұлы ақыны, философы. Абайдың философиялық ой-пікірі ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Абай әйгілі шығыс классиктері Фердауси, Сағди, Ширази, Низами, Навоилардың шығармаларын және ислам философтарының көзқарастарын жетік білді, сонымен бірге ежелгі гректің атақты классигі Аристотельдің философиялық шығармаларымен және Сократтың еңбектерімен толық танысты, В.Г. Белинскийдің еңбектерін көп оқыды. Абайдың дүниетану жолында өткен замандардың кемеңгер философтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерін қорытып, оларды қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданды. Осы кездегі қазақ қауымын толғандырған басты күдірет, жан мен тән, өмір мен өлім туралы болса, солардың барлығына Абай алға басарлық тұрғыдан жауап беруге тырысты.

Абай өзінің бір алуан шығармаларын [қара сөзбен жазған](#). Оның қара сөздері көркем шығарма түрінде емес, ақынның өзі көрген өмір сабақтары туралы ойларын, содан туындайтын даналық, философтық түйіндерді жинақтаған публицистикалық үлгіде жазылған. Көлемі шағын, мазмұны, мағынасы ауқымды, терең болып келеді. Кейбіреулері сұрау-жауап түрінде, өзімен-өзі сырласу, оқырманмен кеңесу түрінде беріледі.

Абай әлемі, оның өлеңдері мен қара сөздері бір халық қана, яғни қазақтың рухани жан дүниесінің сәулесі болған жоқ. Ол әлемдік деңгейде талданып, үлкен сұранысқа ие болған шығармалар жиынтығы. Себебі Абай әлемі кешегі парсы, араб, кейінгі орыс мәдениетімен ұштасып жатыр. Оған дананың өзі алған білімдері мен айтқан сөздері куә. Абай «Қара сөздерін» қартайған шағында жазды және олар әлемнің көптеген тілдеріне аударылған, олардың арасында орыс, қытай, француз және басқалары.

## Абайдың Тоғжанмен қоштасуы

*/сахналық қойылым/*

**Қатысатындар:**

**Абай – 16 жаста**

**Тоғжан – Абайдың алғашқы ғашығы**

**Ербол – Абайдың досы , Тоғжанның бөлесі және басқалар.**

Абайдың Тоғжанды алғашқы ұнатып қалғанда айттырылып қойған қалыңдығы Ділдә бар еді. Әкеге қарап ұл сөйлемейтін қазақтың салты бойынша Абай да әкесі Құнанбайға қарсы ештеңе айта алмады. Тоғжанның да айттырылып қойған жері болатын. Тоғжан ұзатылып кеткен күні Ділдә ұл табады. Жас Абай осылайша әке болады.

Бір – біріне ғашық екі жас Абай мен Тоғжанның қоштасу сәтін осы сахналық көрініспен ұсынамыз.

**I көрініс.**

Сахнада жерде құрақ көрпеше жаюлы. Осы көрпешенің үстінде Абай қағазға қарап, қаламымен жазып отыр. Анда – санда күрсініп қояды. Жүзі сынық. Қалың ой құшағында. Келбетіне қарағанда ішкі дүниесінде өксіген өкініш бар секілді.

*/осы сәтте досы Ербол кіріп келеді/*

**Ербол:** Абай, тал түсте бұл не жатыс, тұр кеттік.

**Абай:** Қайда? Кімге? (Таңғала қарайды)

**Ербол:** Ақырын. Кімге болушы еді? Ішің білсін! (Ербол Абайды еріксіз орнынан тұрғызып алып шығады).

**Ербол:** Әйел алған жалғыз сендей – ақ?! Қырың сынып не болды сонша? Сілкін де , бекін! Біз екеуміз құдай қаласа, бір үлкен сынға түскелі тұрмыз.

**Абай:** Ол не сын? Қай сын? Тым болмаса айтып өлтірші?

**Ербол:** Өткенде Тоғжан ауылына барғанмын. Сондағы естігенім мынау болды. Тоғжан төсектен басын көтермей жатып қалыпты дейді. Осы халін білген бүкіл ағайын – туысы аяушылық білдіріп, екеуін оңаша бір үйде кездестіріп бір – бірімен сағынышын бастырайық депті. Сені Тоғжанға алып барамын.

*/Екеуі Сүйіндік ауылына келеді де. ауыл сыртындағы шетке тігілген үйге келіп кіреді/*

**Абай:** Неге кешікті екен а?

**Ербол:** Кішкене шыдамды болсаңшы.

*/Үйге имене басып Тоғжан кіреді. Басына ақ шәлі бүркеніпті/*

**Тоғжан:** Абай... Өзіңбісің?

**Ербол:** Мен сыртты шолып келейін (Сыртқа шығып кетеді).

**Абай:** Тоғжан!

**Тоғжан:** Жоқ... Қозғалма...

**Абай:** Бұл не, жаным – ау? Бізді осылай соқыр теке ойнату үшін әкеп отырғызып қойды ма? Неге жасырын бәрі?

**Тоғжан:** Абай, осыған да шүкіршілік етейік. Сені маған бір көрсетпей ұзатып жібергенде барысымен құсадан өлетін едім. Соны білгесін кеңшілік жасаған түрлері ғой. Енді рақым етіп бір мезгіл солай үнсіз отыршы. Сені көрдім, жарық сәулем, енді мені құдай қазір келіп алып кетсе де арманым жоқ.

**Абай:** Сенің дертіңе шипа табылса , бұдан артықты енді мен де тілемеймін.

**Тоғжан:** Құрбан еттім басымды жолыңа!

*/Тоғжан сәл ілгері жылжып Абайдың қолын алады.../*

**Тоғжан:** Мен сенер едім, Абай. Сен барсың ғой. Сенің жарық сәулең саулап тұрғанда мен жоғалмайды екенмін.

**Абай:** Апыр – ай, қалай жақсы айттың! Жарықтан түсетін көлеңке болады. Сен, тіпті, көлеңкесіз жарығым болып отырсың.

*/Тоғжанның ып – ыстық алақанын алып төсіне басады/*

**Абай:** Мен сенің өзіңді көргенше , имандай шыным, түк ойламай кліп едім. Сандалып құр сұлдерім жетіпті ғой. Тағы да төкші... Ақтара түсші сырыңды...

**Тоғжан:** Менің сырым – өзіңсің. Өмір бойы көз алдымда өзгермей жүретін осы түрің болады. Сол жетеді маған, енді болдым, бұдан артық уақыт жоқ.

**Абай:** Неге уақытың жоқ? Осымен біте ме? Айыра ма бізді?

**Тоғжан:** Айырады... Қайтып көрместей етеді. (Тоғжан ұзын кірпіктері дымдана ақ жүзіне әсем күлкі үйіріле қалады). Бала боп кеттің бе, Абай. Кәне , бері, дұрыс қарашы өзің...

*/Сырттан «Болды емес пе... Өлім – ай! Неге омалып отыра береді бұлар?» – деп қыстана шыққан күңкіл – сүңкіл дауыстар естіле бастайды/.*

**Абай:** Мейлі... Тағы батсын күнаға! Қарғыс таңбасы атсын! – деп Тоғжанды құшағына алады.

**Абай:** Иісің гүл аңқыған,  
Нұрың күн шалқыған,  
Өзің жоғалып кетсең де,  
Асыл бейнең жүрегімнің түбінде...  
Мәңгілік өзіңмен бірге...

**Тоғжан:** Абай! Жаным кеудемде тұрғанда мен де өзіңмен мәңгілік біргемін.

**Абай:** Қош, Жаным... Аяулым... Асыл арманым...

*/Сырттан айқайлар шығып іле киіз үйдің сыртын сытырлата ұрған бірнеше қамшы дыбысы білінді де, екеуі керулі тұрған жіптей тарс беріп ажырай бергенде Ербол кіріп келеді/*

**Ербол:** Абай, Тоғжан! Қос мұңлық..., осылай ма еді , уәде? Қазір аналар жетіп кеп сойқан төбелес шығарады.

*/Ербол қалиш – қалиш етіп тұрған Абайды иығынан басып отырғызып қойды/*

**Абай:** Бұл не? Бұл не қорлық?... Әуелде бар дәстүр... Бұлай еткенше... екеумізді ат құйрығына байлап өлтіріп тастамады ма? /Абай алақаны жаюлы екі қолын жоғары көтеріп сөйлеп тұр/.

**Тоғжан:** (Булығы түсіп). Несіне әуре етті? Бүйтетіндері бар несіне әуре етті? (Тоғжан төмен қараған күйі иықтары дір – дір етіп, қыстыға жылап отыр. Төбесіне бүркенген шәлісінен бет – жүзі айқын көрінбейді).

**Абай:** Тоғжан... Сәулем! (Ілгері қарай ұмтылып)

**Ербол:** (Сырттан ентіге кіріп): - Әй, сен неме, тиылсаңшы енді!

**Абай:** Құндарың қалды ма, сонша? – деп тұрып алады.

*(Осы қалтарыста манағы Тоғжанды әкелген әйел кіріп Тоғжанды қолынан жетектеген күйі тасыр – тұсыр етіп тысқа шығарып алып кетті)*

**Абай:** О, жалған өмір – ай, сұм заман – ай... Тоғжаным...  
Сап –сап көңілім, сап көңілім,  
Саяламай, сап таппай,  
Не күн туды басыңа,  
Күні – түні жай таппай

*/Осы өлеңді айтып жай ғана сахнадан шығып кетеді/.*

*Соңы.*

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрысбек Рахымжан.

**Абайдан жеткен асыл сөз** (Мәтін): Абай Құнанбайұлының даналық сөздері туралы мақала // Ана тілі. - №4. – 7 бет.

2. Негимов Серік.

**Қазақтың бас ақыны** (Мәтін): Абай Құнанбайұлының көркемдік бейнесі мен сөз шеберлігі туралы // Ана тілі. – 2023. – 10 тамыз. – 6-7 бет.

3. Мәндібаева Қанипаш.

**Тұптамыр тұлға** (Мәтін): Қазақтың бас кітабы – Абай жолы // Ана тілі. – 2023. - №14. – 9 бет.

4. Қажықызы Жазира

**«Кәмен мұрасы – ұлылармен үндесу»** (Мәтін): Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл // Қазақ әдебиеті. – 2025. – 20 маусым. – 10 бет.

5. Исмақова Айгүл

**Абайтанудың бастауы – Алашта** (Мәтін): Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл // Қазақ әдебиеті. – 2025. – 20 маусым. – 8-9 бет.

**Мекен жайымыз:**

Н. Оңдасынов көшесі, 2  
Аудандық орталық кітапхана  
Сымтетік:77-5-78

Электронды пошта: [Otrar\\_kitap@mail.ru](mailto:Otrar_kitap@mail.ru)